

этой причине современная массовая культура заслоняет собой высшие истины. Понимание философии заблокировано для пассивного разума. Для её изучения необходимы запасы трудолюбия, воли и энтузиазма. Например, чтобы штудировать труды Аристотеля, Спинозы, Канта и Гегеля человек должен обладать недюжинным терпением.

У нас есть множество мнений о мире, но наши мнения в большинстве своём не совершенны. Зачастую между реальностью и представлением о ней находится огромный промежуток. Философия призвана уменьшить этот промежуток, дабы иллюзии относительно мира не обратились болезненными разочарованиями.

Индивидуальное восприятие эмпирических данных и их осмысление, а также общечеловеческий культурный опыт являются основными средствами изучения мира. Нельзя недооценивать и влияние, которое оказывает на нас ближайшее окружение. Важным, а возможно и самым главным способом постижения мира является философия. Но что такое философия? Существует множество определений для этого слова, но в общем смысле – это духовная деятельность, направленная на понимание закономерностей, изменений мира, а также смысла и цели человеческой жизни. В область философии включено как лёгкое свободомыслие, так и строгое классифицирование. Философию можно применить в любой религиозной, политической, научной и даже чисто бытовой области, а можно сделать полностью автономной, то есть, посвящённой только своему предмету. Примечательно, что философия может быть всеохватывающей наукой, но при этом не всегда является всеохватывающей и не всегда является наукой. В отличие от неё сферы деятельности наук и искусств занимают лишь своими частными познавательными регионами в пространствах бесконечных полей мироздания. Философию можно понимать как свободные, ни чем не обусловленные размышления, но с позиции истории видно, что она подобна громадному хранилищу, внутри которого собрано необъятное количество идей. В этом складе идей всегда можно найти что-то полезное для себя. В то же время, иногда философия – это такие духовные знания, которые не просто дают готовые ответы, но учат их находить.

Литература.

1. Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" [Электронный ресурс] Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. См. Хайдеггер М. Разговор на проселочной дороге: Сборник: пер. с нем. – М.: Выс. школа, 1991.
3. См. Афанасьев Ю.Н. Может ли образование быть негуманитарным? // Вопросы философии. – 2000. - № 7.

Аманкелді Қ.Ж., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ГИ-21 тобы, студент.

(Ғылыми жетекші — т.ғ.к., доцент Қарсыбаева Ж.А.)

«АНДЫҚ» СТИЛДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Мәдениет халықтың өмір салтының және де өмір салты тарихының айнасы болуы заңдылық. Ел мәдениеті ғасырлар бойы шапқыншылық жорықтардан, дипломатиялық және сауда-саттық қатынасынан, тайпалардың қоныстарын әр түрлі себептерге байланысты өзгеріп отырғандықтан ұлт пен мәдениеті қалыптасады. Сол мәдениеттің негізгі тармақтарының бірі - өрнек, символдар. Отанымыздың ою-өрнектері де сол мәдениеттің жемісі. Ою-өрнегіміздің бір тармағы сонау Сақ дәуірінде қолданыста болған "Аңдық стилінің" тікелей жалғасы болып табылады. Біз сол Аңдық стилінің шын мәнінде қай жерде пайда болғандығын және де қандай мақсатта қолданғандығын қарастыра ой түйіндеміз.

Аңдық стилі сонау Шумер мемлекетінен бастау алады. Кейіннен бұл мәдениет көшпенділер өркениетіне сіңіп кеткен болатын.

Шумер және сақ аңдық стилінде қоғамдық әлеуметтік ахуалдары бейнеленген. Тіпті құдайдың андарға жүргізген құдіретін көрсеткен. 1919 жылы жас археолог Г.Р.Холл Ура - дан батысқа қарай 7 километр жерде орналасқан Эль - Обейда аймағына қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Б.з.д III мыңжылдыққа тиесілі ғибадатхана табылған. Сол ғибадатханадағы өрнектерден аңдық стилі мен бейнеленген өрнектер байқалады. Демек аңдық стилінің бастауы парсылардан емес Шумер мемлекетінде дамыған десек те болады. Мыстан құйылған арыстан бастары, сонымен қатар мыстан құйылған бұқа, торғай, қой мүсіндері табылған. Тағы бір қабырғасында қайық және оның картасында

бұқа бейнеленген. Ал екінші қабырғасында балық пен қаз бейнеленген. Лагаш қаласында құс басқаша бейнеленген. Яғни арыстанбасты, қанаттықұс. Қос қанатының астында бір – бір бұғыдан бейнеленген[1,71-73 б.].

Андық стилі Иран жерінен пайда болды деген бұрыс болжамның пайда болу себебі Шумер мемлекетіне Батыс Иран таулы аймағында орналасқан "Куиит" деген парсы тайпасының басқыншылық жорықтар жүргізуі. Яғни екі ел арасында соғыстар, дипломатиялық қатынастар, саудасаттық қарым – қатынастардың ықпалын екі жақтың да мәдениеті өзгеріске ұшырады. Содан Куиит тайпасына андықстилі Шумер мемлекетінен келді десек қателеспейміз [1, 75-76 б.].

Сақтарға тоқталсақ, олар да андық стилін діни ғұрыпта, сонымен қатар киім – кешектерін әрлеуде қолданған. Киім – кешектегі өрнектері қандай ағымда, қандай тайпадан екендігін көрсеткен. Шумер андық стилінде аңдардың арпалысы бейнеленсе, сақандық стилінің ерекшелігі іөркениетте қозғалыстағы аңдарды бейнелеген. Сақтар мен шумерліктер аңөрнектерінен белгілі бір құдіретті күш бөлінеді деп ойлаған[1, 74-76 б.].

Сақ (скиф) шеберлері кескіндеме, қолөнер бұйымдарында "андықстилін" талғам мен үйлесімді қолданып, қияли бейнені ұтымды бере білген. Сақ(скиф) жәдігерлері эстетикалық, сапалық жағынан қазіргі мүсін, кескіндеме, бейнелеу өнеріне қарағанда жоғары деңгейде өзіндік мәнер мен жасалған. Қола, темір, алтыннан ойып, құйып сақтар жасағанаң, жануар, құс мүсіндерінде табиғилық сипат басымдау. Ежелгі аң, жануардың шынайы, қияли образын түрлі көріністе бейнелеу сақтардан бастау алады. Ежелгі адамдар өздерін табиғат табиғаттың ажырамас бір бөлігі деген дүниетанымынан болу керек, олар қоршаған ортаны бейнелеуде асқан шеберлік танытты. Олар ішкі рухани танымдарын өнер туындыларында әсерлеп бере білген. Аңның мінезін, қимыл-әрекетін асқан дәлдікпен елтірген. Аузы ақсиып, жемтігіне атылған жыртқыш аңның қимылы асқан нәзіктікпен берілген. Олардың арпалысы мен жеу сценасында табиғилық нышандар басым. Талайды тамсандырған көшпенділердің ғажайып "жануарларстилі" бүгінгі күнге дейін өзенгейінде толыққанды зерттелген жоқ. "Андықстиліндегі" арыстанның текені немесе елікті жеу сценасы күзді тұспалдаса, арыстанның өгізді жеу көрінісі көшпенділердің көктемде наурызда тойлайтын жаңа жылдың нышаны. Тайпа тотемдері болып аң, жануарлардың шынайы қияли бейнелері алынған. Сақтар тотем ретінде бейнелеген аң, құс, жануарлардың етін жеп, терісінен киім тігіп, жүнінен тоқып түрлі маталар жасаған. М.Қадырбаевтың пікірінше: "Бейнелеу өнеріндегі "андық стилі" ежелгі адамдардың табиғат пен жақындығын, олардың эмоциялық әсері мен ішкі рухани жағдайының айнасы іспеттес болды. Өйткені олар үнемі "зұлымдық" пен "адамгершілікті", өмір мен өлімді өздерінің сюжеттерінде басты идея етіп алған, сондай-ақ мұндай композицияны күрделендіріп беруге тырысқан" - дейді. Ежелгі сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде "андық стилінің" қалыптасуының басты себебі, адамдар аңдар мен жануарлардан пайда болды деген қиялдан туған болу керек. Ежелгі адамдар мифсіз өмір сүрмеген. Табиғаттың тылсым күштері мен түсініксіз құбылыстарын мифке айналдырып отырған. Сондықтан сақтардың тотемдері аң, құс, жануарлар болған (бұғы, бұлан, қасқыр, таутеке, жолбарыс, бүркіт). Мұндай аң, құс, жануарлар бейнеленген заттар қасиетті болып саналған. Олардың тырнақ, сүйектерінен тұмар жасап, ал тотемдерді қару-жараққа бейнелеген екен. Тотем таңба жауынгерге жеңіс пен оралуға магиялық әсер етеді де пұққан[2, 48-51 б.].

Сақтардағыбұғы образы Евразия көшпенділер өркениетінде кеңінен тараған. Солтүстік Шығыс Евразияда ерекше дамыған. Бұл тотемдер халықтың белгілі бір уақытта сол тотем(бұғы) мінезді болғандықтан білдіреді. Демек сол даму кезеңінен өткен.

Есік қорғанының маңынан бұғы бейнесі бейнеленген 3 белдік табылған. Құс бейнесі аспан мен күннің символы ретінде бейнеленген. Сонымен қатар құс бейнесі әртүрлі аңыздармен байланыстырылған. Авестада Бүркіт, қарға, әтеш, үкі қуаттылықтың, беріктіктің мағынасын көрсеткен. Шамандардың әруақтармен тілдесуінде құстар әруақтардың образынбейнелеген.

Көшпенділер өркениетінде қару-жарақ күнделікті тұрмыста, соғыста, аңшылықта қару-жарақтарға қасиеттеген. Содан садақты қолдың жалғасы деп таныған. Сонымен қатар, садақ - жылдамдықтың, ұшудың, уақыт айлағында еркін жүзудің мағынасын білдірген.

Авестада садақ-ұшудың, құстың, аспанның, әлемнің шегін, Ахурамазда отының мағынасын білдірген. Түрік-моңғол эпос-жырларында батыр әлемнің шетіне барып орталыққа қарай(түсініктеріндегі жердің ортасы) садақ атқан. Ал "Оғызнамада" садақтың шеттеріне батыс пен шығысты, жебенің шеттеріне оңтүстік пен солтүстікті теңестірген.

Геродоттың айтуынша сақтар Дарийға хабар ретінде бес жебе, құс, бақа, тышқан жіберген. Тышқан-ортаны, жерді; Құс-жоғарыны, аспанды; бақа-суды, төменді білдірген. Демек бұл жерден сақтар Дарийға құс болып ұшсаң да, бақа болып суға кірсең де, тышқан болып қашсаң да тауып алып

жазалаймыз деген мағынада жіберген. Яғни бұдан біз сол уақыттағы сақтардың қуатты болғандығын байқаймыз.

Жолбарыс-күзетшінің, қорғаушының мағынасын білдірген. Алтын адамның киімінен де жолбарыс бейнесі бейнеленген. Есік қорғанынан "Тұран жолбарысы" бейнеленген өрнектер табылған. Сонымен қатар жолбарыс, арыстан образдары тек көшпенділер аңдық стилінде емес, Хет сарайларында, 2-4 жолбарыс мүсіндері қақпа маңына немесе бөлме бұрыштарына қойылған. Будда - үнді мәдениетінде тақтың екі жағына жолбарыс немесе арыстанның мүсіндері қойылған.

Аңдық стилінде жыртқыш аңдар(жолбарыс, арыстан, қасқыр т.б) әскери тақырыпта қолданғанды ұнатқан. Батырларды жолбарыстарға, патшаны арыстанға теңеген.

Сонымен қатар жолбарыс өлім мен қайтып келуді білдірген, жолбарыс образы Египеттен Қытайға дейін таралған. Митраизмде арыстан образы от пен хварнаны білдірген. Хотан - сақ тілінде жолбарыс "таңның атуын", "күннің шығуын" білдірген[3, 31-50 б.].

"Аңдық стилі" б.з.д VII-VI Сібір, Қазақстан, Орта Азия және оңтүстік Еуропаға кеңінен тарайды.

Аңдық стилінде аңдар, жануарлар, мифтік зооморфты жыртқыштар бейнеленген. Сақ шеберлерге қару-жарақтарға басқа да дүниелерге арқар, тау-теке, жолбарыс, қабан, марал, түйе, дала бүркіттің, қасқыр, қоян, жылқы, бұғы секілді жан-жануарларды бейнелеген.

Аңдық стилін негізінен 3 этапқа бөлуге болады. Олар: архаикалық дәуір, гүлденуі, құлдырауы.

Талдықорған өңірінен қоладан жасалған мүйізді ешкінің бастары табылған. Солтүстік Қазақстан Бурабай аймағынан қоладан жасалған мүйізді спираль тәріздес арқар силуеті табылған. Шілікті қорғанынан алтыннан жасалған ұзын ірі мүйіздері артқа иіле жатқан бұғының бейнесі, сонымен қатар қабан мүсіндері табылған.

Б.з.д VI-IV ғ Евразияда аңдық стилі өзгеріске ұшырады. Металдан жасалған аң мүсіндері шығып, рельефті күйде сала бастаған. Сонымен қатар аңдар қозғалыс күйінде салынды. Яғни оған аңдардың шабысы мен арпалысы бейнеленген. Б.з.д III-II ғ аңдық стилі сұраныстан шыға бастады, Оның орнын полихрон стилі алмастырды [4, 235-239 б.].

Сақ аңдық стилінде аңдар кейпінің жануарлар кейпінің бейнесінен айырмашылық бар. Жыртқыштардың аяқтары бүгілген күйінде бейнеленген. Бұғылардың да аяқтарын бүгілген қалпында бейнелеген. Жыртқыштардың құлақтары қысқа әрі ұсақ қылып бейнелеген. Ал жануарлардың құлақтарын ұзын қылып бейнелеген. Көздерін дөңгелетіп салған. Журавка тұрағында табылған бұғы бейнелеріндегі мүйіздері ұзын вертикальды қалыпта салынған. Ал Ақ-Мешітте табылған бұғы бейнелеріндегі мүйіз шеттері жыртқыш құстардың формасы тәрізді салынған.

Грек мәдениетінің әсер етуіне байланысты аңдық стилінде біршама өзгерістер пайда болды. Ол аңдардың арпалысуы. Осындай сцена бейнеленген алтын бұйым Керчь қаласының маңындағы Ильчев қорғанынан кездеседі. Бұл бұйымда аяқтары бүгілген бұғы және жан-жағынан анталап тұрған жыландар, жыртқыш құс пен жыртқыш аң бейнелері рельефті түрде салынған.

Құлақтары мен тырнақтары тым қатты әсіреленбеген. Бұғының құлағында жүндер бейнеленсе, құстың денесінде қауырсындар бейнеленген. Жыланның қабыршығына дейін бейнеленген(зерттеген А.М Лесков).

Б.з.д IV ғасырда сақ аңдық стилі грек мәдениетімен сабақтасуын жалғастыра берді. Солах, Чертомлык, Күлоба, Толстая Могила, Гайманова Могила т.б қорғандарынан сақтардың тапсырысымен грек шеберлері дайындаған бұйымдарында аң бейнелерінен сақ мифологиясы бейнеленген. Сонымен қатар аңдық стилінде ерекше бейнеленген зооморфты жануарлар кездеседі. Мысалы: қой, грифон, құс, арыстан басы т.б. денесінен тыс бейнеленуі.

Алтын белдіктерде әр түрлі сюжеттер салынған. Ол "Күнделікті сақ өмірі" деп аталады. Шын мәнінде сақтардың мифологиясы мен ритуалдары бейнеленген, немесе грек стиліндегі зооморфты тақырыптар, сонымен қатар бірнеше жануарлар және сақ аңыздарындағы ерекше пішінді жан-жануарлар бейнеленген. Мысалы, Солох қорғанынан табылған аяқтары бүгулі бұғының кескінін айтуға болады. Бұғы бейнесі үлкен дөңгелек көзді, ұзын құлақты, ұзын мүйізді болып суреттеліп берілген [5, 142-147 б.].

Ал қазақтарға тоқталсақ, аңдық стилі ою-өрнек таңба арқылы көрсетілген. Қазақтар аңдық стилін бүкіл тұрмыс свлтында қолданған. Яғни ер мен әйелдің киім-кешегінде, бас киім, аяқ киімінде, тұрмыста қолданылатын заттарда қолданған. Мысалы: киіз үйдің іші сыртындағы киіз, жиһаздар, ыдыс-аяқтар, көрпе-төсектер, ат әбзелдері аңдық стилімен әрленген. Иеліктеріндегі малға"ен"(таңба) салған. Әрбір тайпаның өзіне тән таңбасы болған. Әрбір таңба белгілі бір ұранды немесе басқа да мағынаны білдірген. Қазақ ою стилі геометриялық, зооморфты, өспелі бағытта салынған.

Қошқар мүйіз, киік мүйіз, ашатұяқ, түйетабан, құсқанат секілді т.б ою - өрнектер көрсетілген. Геометриялық жағынан сараласак: Үш бұрыш болса - тұмарша, толқын тәрізді - ирек, тарақ секілді өрнектер кездеседі. "Ою" деген сөз тасты ою деген сөзден қалған[1, 76-77 б.].

Қазақ ою-өрнектерінің бір бағыты аңдық стилінің тікелей жалғасы деп айтсақ қателеспейміз. Дегенмен қазақтың ою-өрнектері толық қанды қарастырылмаған. Ою-өрнекті зерттеумен шұғылданып жүрген зерттеушілер ою-өрнектерді негізгі үш топқа бөледі. Олар:

-өсімдік бейнесіндегі өрнектер (жапырақ, шиыршық, ағаш);

-зооморфты ою-өрнек, осы тармақты аңдық стилінің жалғасы деп айтсақ та болады. Аңдардың, жануарлардың пішіндерін және мифтік пішіндерін бейнелеген. "Қырық мүйіз", "Қос мүйіз", "Сынық мүйіз", "Өркеш", "Табан", "Ботамайын", "Құсқанатты" т.б);

-космогониялықөрнек ("дөңгелек", "ирек", "шима", "торкөз")."Жауказын", "Аққу қанаты" бұл өрнектерді бабаларымыз "күн ашық болсын" деген мағынада салған[6, 122-130 б.].

Қорытындылай келе, "аңдық стилі" алғашқы өркениеттен бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ мәдениетінің дамуында қомақты рөл атқарды. Оның қалыптасуы адамдардың діни наным-сенімімен, әлемге деген түсінік, көзқарастарымен байланысты болды. Адамдар ежелден бері өздерін табиғатпен, жан-жануарлар әлемімен байланыстыра отырып, солардың жақсы қасиеттерін бойларына дарытқан. Жоғарыда айтып өткендей, мәдениет бірнеше елдің ішінара қатынасынан және басқа да тарихи факторлардың есебінен пайда болады. Алайда әр елде сол мәдениет басқа көршілес елдердің мәдениетімен өзара байланысқа түсіп, белгілі бір деңгейде өзінің мән-мағынасын біршама өзгерістерге ұшыратып, оны өзіндік белгілерімен ұштастыра дамыған. Осылайша, белгілі бір амьқат өмір сүрген, қалыптасқан халықтың ұлттық мәдениеті ретінде сақталып, дамыған. Біздің қолөнер мәдениетіміз сақ мәдениетінің біршама өзгеріске ұшыраған түрі болып табылады. Бұл өзгеріс және қазақы қалыптасқан мәдениет отанымыздың, халқымыздың ерекшелігі болып табылмақ. «Аңдық» стилі өзінің қайталанбастығымен, құндылығымен ерекше. Сондықтан да, берілген тақырыпты зерттеу бүгінгі таңда өзінің өзектілігін жоймаған міндеттердің бірі екендігіне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асан Бахти. Шумеры, скифы, казахи - Алматы: ИД "Кочевники"; 2002. - 216с.
2. М.Ш.Өмірбекова. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оқуқұралы - Алматы: "Зият Пресс", 2004 ж. - 112 б.
3. А.К.Акишев. Искусство и мифология саков - Алматы: ИД "Наука"; 1984. - 176 с.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 1. - Алматы: "Атамұра", 2010. 544 с., илл.
5. Е.В.Переводчикова. Язык звериных образов: Очерки искусства евразийских степей скифской эпохи. - М.: Издательская фирма "Восточная литература" РАН, 1994 (По следам древних цивилизаций). - 206 с., ил.
6. Өмірбекова.М.Ш. Қазақтыңою-өрнектері: энциклопедия / М. Ш. Өмірбекова. - Алматы :Кітап, 2005. - 283 б. : сур.

Асылханова А.Ж., Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КЖ-21 тобы, студент

(Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Асанов К.Д.)

Е.А. БӨКЕТОВ – АУДАРМАШЫ, ПУБЛИЦИСТ

Е.Букетов шығармалары және аударма жөнінде жазған сын-зерттеу мақалалары туралы кезінде баспасөз беттері мен ғылыми зерттеулерде біраз айтылғаны белгілі. Е.Букетовтің “Көркем аударма, хал қалай?” атты мақаласы, автордың бұл салада жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. “Көркем аударма – творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі. Бұл қалыптасқан қағиданы дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ сияқты. Бүгіндері басқа бауырлас әдебиеттермен терезесі тең тұрған төл әдебиетіміз өзінің балаң кезінен бастап оған үлкен ықылас-ілттипат қойып отыр”, [1,24] - дейді автор аталмыш мақаласында.

Жалпы Е.Букетов аударған С.Есенин, В.Маяковский, Пушкин, Шекспир шығармаларының шедевр туындылары қазақ тілінде қалың оқырман жүрегіне жол тапқан дүниелер болып саналады. Есениннің “Анна Снегина”, “Письмо женщине”, “Собака Качалова”, Маяковскийдің “Хорошо”, Пушкиннің “Полководец”, Шекспирдің “Макбет”, “Юлий Цезарь”, Надсонның “Только утро любви хорошо.” атты туындылардың Е.Букетов тәржімасындағы нұсқаларына қазақ әдебиетінің белгілі сыншылары жоғары баға береді. Сыншы Рәбиға Сыздықова: “Е.А. Букетовтің тамаша аудармаларына берілген құнды пікірлерді оқып, жазушы-аудармашының әдебиет пен өнерге деген көзқарасы,